

МҚКК №6 «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасы

**Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі
тақырыбында «Ұлттық ойынды дәріптеу»**
(даярлық топ балаларымен)

Өткізген: дене шынықтыру нұсқаушысы Умурзакова Г.Н.

2024 ж

«Қонжық» мектепалды даярлық топқа дене шынықтырудан ашық сабақ жоспары.

Тақырыбы: «Ұлттық ойынды дәріптеу»

Мақсаты: балалардың негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру.

Міндеті: дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту, және де ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.

Сабақтың құрылымы:

Ұйымдастыру кезеңі (2 минут)

Негізгі бөлім (20 минут)

Қорытынды бөлім (3 минут)

Сабақ барысы:

Ұйымдастыру кезеңі (Әуен күй ойналып тұрады)

Балаларды сапқа тұрғызу, сәлемдесу.

Бүгінгі ҰОҚ таныстыру.

Саппен жүру (атқа мініп)

Саппен жүгіру (атпен)

Негізгі бөлім:

Жалпы дамыту жаттығулары: «Таяқшамен» (Әуен күй ойналып тұрады)

-екі қолды белге қоя, иықпен жаттықтыру;

-қолды жоғарыға көтеру жаттығуы (жоғары, төмен);

-қолды жанға соза, оң қол мен сол қолды алмастыра жаттықтыру;

-екі қолда таяқшамен тізерлеп отыра, таяқшаларды соғу;

Тыныс алу жаттығуы:

-терең тыныс алып, қолды жоғары көтеру, тынысын алып қолды түсіру; 3-4 рет

Негізгі қимыл жаттығулары:

-ат жарыс атпен жарысу; (Әуен күй ойналып тұрады)

Ұлттық ойындар:

«Шыр» ойыны, «Көңілді кармақ» ойыны, «Мәреге жету», «Кім алғыр».

Қорытынды бөлім:

Нұсқаушының сөзі: Бүгін бәрінде белсенді қатысып, денемізді шынықтырып, әр түрлі ұлттық ойындар ойнадыңдар. Жарайсыздар балалар.

Күтілетін нәтиже:

Жүруде тепе-теңдік сақтайды;

Музыкамен сүйемелденетін қимылды ойындарда музыкаға сәйкес әртүрлі қарқында қимылдар жасайды;

Ұлттық қимылды ойындар, жарыс элементтері бар ойындарға белсенділікпен қатысады.

